

Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 109 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 маусымда № 2695 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі № 263 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 09.09.2015 № 263 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 1 және 3 тармақтарына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1 . М ы н а л а р :

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес «Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті бекітілсін.

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген т ә р т і п т е :

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде р е с м и ж а р и я л а н у ы н ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә.Бектаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

*Б . О с п а н о в
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
Ә . Б е к т а е в
С . Қ а н ы б е к о в
Е . С а д ы р
С . Т ұ я қ б а е в
А . А б д у л л а е в*

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы «19» мамырдағы № 109 қаулысына
1-қосымша

«Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) «Оңтүстік Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру халыққа қызмет көрсету орталықтарымен (бұдан әрі -Орталық) жүзеге

а с ы р ы л а д ы .

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық атақ беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 118 қаулысымен бекітілген «Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының (бұдан әрі-Стандарт) 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттармен қоса көрсетілетін қызметті алушының өтініші не оның өкілінің сенімхатының болуы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) Орталық жұмысшысы өтінішті тіркейді және Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысына жібереді, Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында қаралған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Орталық жұмысшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдаудан бас тартады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қабылданған құжаттарды тіркеуден өткізеді және 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қарауға ұсынады;

3) 30 минут ішінде құжаттарды қарап болған соң, көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы жауапты орындаушыны анықтайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы спорттық разрядтар мен санаттар беру бойынша комиссия отырысына (бұдан әрі-Комиссия) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын дайындайды және қалыптастырады. Комиссия отырыстың қорытындысы бойынша сәйкес разрядтар мен санаттарды беру туралы хаттаманы бекітеді. Комиссия хаттамасының негізінде жауапты орындаушы мемлекеттік көрсетілетін

қызметтің нәтижелесін дайындайды және Стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қол қоюға ұсынады ;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы 1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Орталыққа жолдайды;

7) Орталық көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуде тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы бейнеленген, Орталықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының сұратуын тіркеу және өңдеу кезіндегі Орталық қызметкерлерінің іс-қимылдары осы регламенттің 1-қосымшасында сипатталған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері:

1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) Комиссия ;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Блог-схема түріндегі әрбір іс-қимылдың орындау мерзімі көрсетілген іс-қимылдар реттілігінің сипаттамасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымшада келтірілген.


4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

8. Орталыққа және (немесе) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінудің сипаттамасы, өтінішті өңдеудің ұзақтығы осы регламенттің 5-тармағында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары, сонымен қатар






Орталықпен өзара іс-қимыл тәртібінің графикалық және схемалық түрде сипатталуы осы регламенттің 2 және 3 қосымшаларында бейнеленген.

«Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Орталық арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуде әрекет ететін ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекеттесуінің диаграммасы




Шартты белгілер:

	Бастапқы хабарлама
	Екі арадағы хабарлама
	Қорытынды хабарлама
	Басқару ағымы
	Хабарламалар ағымы
АЖ	Ақпараттық жүйе
ЭҮШ	«электрондық үкімет» шлюзі

«Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Орталық пен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің схема түріндегі сипаттамасы



«Спорт шеберіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің рәсімдерінің (іс-қимылының) реттілігін графикалық түрде сипаттау

1	2	3	4	5	6	7	8

Орталық жұмысшысы	Орталық жұмысшысы	Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері	Көрсетілетін қызмет берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы	Көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері	Орталық жұмысшысы
Өтінішті тіркейді және Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысына жібереді, Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады	Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9 - тармағында қаралған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Орталық жұмысшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдаудан бас тартады	Қабылданған құжаттарды тіркеуден өткізеді және 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қарауға ұсынады	30 минут ішінде құжаттарды қарап болған соң, қызметті берушінің басшылығы жауапты орындаушыны анықтайды	Комиссия отырысына көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын дайындайды және қалыптастырады. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша сәйкес разрядтар мен санаттарды беру туралы хаттаманы бекітеді. Комиссия хаттамасының негізінде жауапты орындаушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды және Стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қол қоюға ұсынады	1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жолдайды	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Орталыққа жолдайды	Орталық көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2014 жылғы «19» мамырдағы № 109 қаулысына
2-қосымша

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты

нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Оңтүстік Қазақстан облысы аудандары мен қалаларының дене шынықтыру және спорт бөлімдерімен көрсетіледі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру халыққа қызмет көрсету орталықтарымен (бұдан әрі -Орталық) жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – спорттық атақ беру туралы, жаттықтырушыларға, әдіскерлерге, нұсқаушы-спортшыларға санаттар беру туралы, спорттан төреші санатын беру туралы бұйрықтан үзінді көшірме.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 ақпандағы № 118 қаулысымен бекітілген «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі стандартының (бұдан әрі-Стандарт) 9-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттармен қоса көрсетілетін қызметті алушының өтініші не оның өкілінің сенімхатының болуы мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) Орталық жұмысшысы өтінішті тіркейді және Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысына жібереді, Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында қаралған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Орталық жұмысшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдаудан бас тартады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қабылданған құжаттарды тіркеуден өткізеді және 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қарауға ұсынады;

3) 30 минут ішінде құжаттарды қарап болған соң, көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы жауапты орындаушыны анықтайды;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы спорттық разрядтар мен санаттар беру бойынша комиссия отырысына (бұдан әрі- Комиссия) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын дайындайды және қалыптастырады. Комиссия отырыстың қорытындысы бойынша сәйкес разрядтар мен санаттарды беру туралы хаттаманы бекітеді. Комиссия хаттамасының негізінде жауапты орындаушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелесін дайындайды және Стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қол қоюға ұсынады ;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы 1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жолдайды;

6) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Орталыққа жолдайды;

7) Орталық көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуде тартылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы бейнеленген, Орталықтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі көрсетілетін қызметті алушының сұратуын тіркеу және өңдеу кезіндегі Орталық қызметкерлерінің іс-қимылдары осы регламенттің 1-қосымшасында сипатталған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші кеңсесінің қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) К о м и с с и я ;
- 4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.


7. Блог-схема түріндегі әрбір іс-қимылдың орындау мерзімі көрсетілген іс-қимылдар реттілігінің сипаттамасы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымшада келтірілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

8. Орталыққа және (немесе) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінудің сипаттамасы, өтінішті өңдеудің ұзақтығы осы регламенттің 5-тармағында келтірілген. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдары, сонымен қатар Орталықпен өзара іс-қимыл тәртібінің графикалық және схемалық түрде сипатталуы осы регламенттің 2 және 3 қосымшаларында бейнеленген.

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

Орталық арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуде әрекет ететін ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара әрекеттесуінің диаграммасы




Шартты белгілер:

	Бастапқы хабарлама
	Екі арадағы хабарлама
	Қорытынды хабарлама
	Басқару ағымы
	Хабарламалар ағымы
АЖ	Ақпараттық жүйе
ЭҮШ	«электрондық үкімет» шлюзі

«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Орталық пен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібінің схема түріндегі сипаттамасы



«Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық разрядтары мен санаттарын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің рәсімдерінің (іс-қимылының) реттілігін графикалық түрде сипаттау

1	2	3	4	5	6	7	8
		Көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызмет	Көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызметті	Көрсетілетін қызметті

Орталық жұмысшысы	Орталық жұмысшысы	беруші кеңсесінің қызметкері	берушінің басшысы	берушінің жауапты орындаушысы	берушінің басшылығы	беруші кеңсесінің қызметкері	Орталық жұмысшысы
Өтінішті тіркейді және Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысына жібереді, Орталықтың жинақтаушы бөлімінің жұмысшысы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге ұсынады	Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында қаралған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Орталық жұмысшысы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдаудан бас тартады	Қабылданған құжаттарды тіркеуден өткізеді және 10 минут ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қарауға ұсынады	30 минут ішінде құжаттарды қарап болған соң, қызметті берушінің басшылығы жауапты орындаушыны анықтайды	Комиссия отырысына көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын дайындайды және қалыптастырады. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша сәйкес разрядтар мен санаттарды беру туралы хаттаманы бекітеді. Комиссия хаттамасының негізінде жауапты орындаушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін дайындайды және Стандарттың 4-тармағында белгіленген мерзім ішінде көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына қол қоюға ұсынады	1 жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жолдайды	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін Орталыққа жолдайды	Орталық көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін береді